

## Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 289 Жарлығы

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Президенті            м е н            Ү к і м е т і            а к т і л е р і н і ң  
жинағында жариялануға тиіс

### **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 839 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 10, 92-құжат; N 32, 339-құжат; 2003 ж., N 9, 92-құжат; 2004 ж., N 14, 171-құжат; N 51, 671-құжат; 2005 ж. N 43, 573-құжат, 2006 ж., N 35, 374-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасын сақтауы мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына:

Жұмабеков Оңалсын Исламұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары,

Ахметжанов Саян Қылышұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау және сот жүйелері мәселелері бөлімінің бас инспекторы, хатшы,

Шамсутдинов Ринат Шарафутдинұлы - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Қорғаныс және құқық тәртібі бөлімінің меңгерушісі енгізілсін;

"Имашев Берік Мәжитұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, төрағаның орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын: "Имашев Берік Мәжитұлы - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, төрағаның орынбасары";

аталған Комиссияның құрамынан Н.Қ.Әкімбеков, С.С. Ақылбеков шығарылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК